

Қысқа мерзімді жоспарлау		Исабекова Г.М	
Күні Сыныбы:		3 «А»	
Сабақтың тақырыбы:		Жүрек – қан тамырлары. Қанның қызметі	
Сабақтың мақсаты:		Топпен жұмыс жасау барысында сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырып, жүрек, қан тамырлары туралы білімдерін толықтыру	
Оқыту нәтижелері :		1.Жүрек, қан тамырларының не екенін , жүректен келетін ірі қан тамыр- қолқа екенін, тарайтынықан тамырларын артерия, жүрекке баратын қан тамыр-көк тамыр ден аталатынын біледі 2.Өз ойларын тұжырымдап толық жеткізеді. 3.Топпен жұмыс істей алады 4.Өздерін бағалай біледі. 5.Бірін-бірі тыңдауды үйренеді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер		1.СТО стратегиясы, 2.постер, 3.эмоциялық символдар 4.АКТ-ны қолдану, 5.топтық жұмыс, 6.диалог арқылы оқыту, 7.ыстық орындық. 8.INSERT әдісі	
Сабақтың кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Уақыты
Ұйым дастыру кезеңі	Шаттық шеңбері Топқа бөлу әріптер арқылы. Жүрек деген сөз шығады.	Оқушылар шеңбер жасап тұрады Топқа бөлінеді.Алған әріптерден «жүрек» деген сөз шығады	5
	Балалар, бүгін біз өз ағзамыз туралы білімімізді ары қарай дамытамыз. Ол үшін өткен сабақтарды еске түсіріп көрейік,ең алдымен мына сұрақтарға жауап беріп көріңдерші: «Расында да солай ма?» Егер айтылған ой дұрыс болса «+», дұрыс емес жауап «-» деп белгілейміз. 1. Адам табиғаттың бір бөлігі. 2. Тері – ағзаның қорғаныш мүшесі. 3. Адам қаңқасы 2-ақ сүйектен тұрады.		7

	<p>4. Терідегі саңылаулар оны жұмсартып, құрғап кетуден сақтайды.</p> <p>5. Қолды күніне бір –ақ рет жуу керек.</p> <p>6. Адам денесіндегі сүйектер бұлшық еттердің көмегімен қимылдайды.</p> <p>7. Ми бас сүйекте орналасқан.</p> <p>8. Адамда 14 жұп қабырға болады.</p> <p>9. Қаңқа мен бұлшық етті тірек және қимыл қозғалыс мүшелері дейді.</p> <p>10. Адам ағзасында 8л қан бар.</p> <table border="1" data-bbox="347 703 836 927"> <tr> <td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td><td>6</td><td>7</td><td>8</td><td>9</td><td>10</td> </tr> <tr> <td>+</td><td>+</td><td>-</td><td>+</td><td>-</td><td>+</td><td>+</td><td>-</td><td>+</td><td>?</td> </tr> </table> <p>-Қай сұраққа жауап беруге қиналдындар?</p> <p>Бүгін сол сұраққа жауап беретін Қан айналым мүшесімен танысамыз</p>	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	+	+	-	+	-	+	+	-	+	?	<p>- Біз 10-сұраққа жауап беруге қиналдық, себебі адам ағзасында қанша литр қан барын біз білмейміз.</p>	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10														
+	+	-	+	-	+	+	-	+	?														
Білу	Балалар,қазір мұқият қараңдар,сендермен видеоролик көреміз.Мұндағы мақсатымыз : жүректің қызметін байқау.	Балалар видеороликті көреді	5																				
«Түсіну» Оқулықпен жұмыс	<p>- «INSERT» әдісі бойынша оқулықтағы тақырыпты оқу Алдарында берілген мәтінді оқи отырып, белгі қойыңдар.</p> <p>Жүрек көкірек қуысының сол жағында орналасқан.Ол –біздің ағзамызға негізгі қан адайтын қозғағыш саналады . Оның үлкендігі адамның өз жұдырығындай ғана. Жүрек жақсы жетілген қалың бұлшық еттен тұрады. Жүрек еті бір жиырылып, бір босаңсып кезекпен жұмыс істейді.Оның қызметі сорап (сорап) сияқты: жүрек жиырылғанда қан күшпен қан тамырларға айдап шығарылып, адамның барлық мүшелеріне тарайды.</p> <p>- Жүрек туралы не білдік?</p>	<p>Оқулықтағы тапсырманы оқиды,түсінбегендерін сұрайды.</p> <p>V- білемін</p> <p>+ - жаңа ақпарат</p> <p>? – таныс емес</p>	7																				

Бағалау	<p>Слайд 22 Қорытынды «Жүректерден жүректерге»</p> <p>Сонымен балалар, бүгін қан айналым жүрек тақырыптарын қорытындыладық. Бүгінгі сабақ түсінікті, басқаларға түсіндіре аламын деген оқушылар - ашық қызыл жүректі, ал түсінбегенім бар деген оқушылар – сары жүректі алып, бәріміздің деніміз сау, жүрек соғысымыз қалыпты болсын деп жүрекшеге бір-бірлеріңізге тілек жазып қалдырыңыздар.</p>	Балалар өзін-өзі бағалау жүргізеді	5
Үйге тапсырма	18-21 бет оқу	Тақырыпты оқу, жүректі күту ережелерін құрастыру	2

Қысқа мерзімді жоспарлау			
Күні Сыныбы:		3 «А»	
Сабақтың тақырыбы:		Өкпе. Тыныс алу гигиенасы.	
Сабақтың мақсаты:		Топпен жұмыс жасау барысында сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырып, өкпе, тыныс алу мүшелері туралы білімдерін толықтыру	
Оқыту нәтижелері :		<ol style="list-style-type: none"> 1. Өкпе, тыныс алу мүшелері туралы біледі 2. Өз ойларын тұжырымдап толық жеткізеді. 3. Топпен жұмыс істей алады 4. Өздерін бағалай біледі. 5. Бірін-бірі тыңдауды үйренеді. 	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер		<ol style="list-style-type: none"> 1. СТО стратегиясы, 2. кластер, 3. эмоциялық символдар 4. АКТ-ны қолдану, 5. топтық жұмыс, 6. диалог арқылы оқыту, 7. ыстық орындық. 	
Сабақтың кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Уақыты
Ұйым дастыру кезеңі	Шаттық шеңбері Топқа бөлу түрлі түсті шар арқылы жүзеге асады	Оқушылар шеңбер жасап тұрады Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады. Көңілді боп жүрейік! Топқа бөлінеді	5
	Балалар, бүгін біз өз ағзамыз туралы білімімізді ары қарай дамытамыз. Ол үшін өткен сабақтарды еске түсіріп көрейік, ең алдымен мына тест	Әр оқушы топ өз нұсқасы бойынша тест сұрақтарына жауап береді	5

	сұрақтарына жауап беріп көріңдерші Оқушы жұмыстары өз бетімен жұмыс кезінде тексеріліп, бағаланады		
Білу	<ul style="list-style-type: none"> - Адам өмір сүруі үшін не қажет? - Сендер сабаққа келерде тамақ ішпесеңдер қанша уақытқа дейін шыдайсыңдар? • Адам қанша уақыт тамақсыз өмір сүре алады? • Ұйқысыз? • Ал ауасыз? • Ағзаға ауа қай мүше арқылы барады? • Өкпе қандай мүше? • Ендеше бүгінгі біздің тақырыбымыз – Өкпе . Тыныс алу гигиенасы <p>Балалар, қазір мұқият қараңдар, сендермен видеоролик көреміз. Мұндағы мақсатымыз : өкпенің қызметін байқау</p> <p>-Тексерейік . Кең тыныс аламыз . Бастаймыз, алдымыздағы қағазға жазамыз. Ол қағазды партаның шетіне қойыңдар. Сабақ соңында қалған оқушылардыкінің қанша екенін анықтаймыз.</p> <p>Қорытынды: адам 2 минуттан артық дем алмай тұра алмайды, тек жапондық шыныққан маржан іздеушілер ғана</p>	<p>Тамақ, ұйқы, су, ауа</p> <p>Бір айға дейін.</p> <p>2-3 минут</p> <p>Балалар видеороликті көреді</p> <p>Тапсырманы мультфильмдегі баламен бірге орындайды. 1 минутта қанша рет тыныс алғанын тексереді.</p>	9

	<p>5 минутқа дейін тыныс алмай су астында бола алады екен.</p> <p>Ал сендердің суық тиіп ауырған кезде бірінші қай жерлерің ауырады?</p> <p>Ал оны емдеу үшін тыныс алу мүшелерін білуіміз керек. Тағы не білуіміз керек деп ойлайсыздар? Тыныс алудың адам үшін маңызы қандай?</p> <ul style="list-style-type: none"> ◎ Тыныс алу мүшелеріне не жатады? ◎ Қалай дұрыс тыныс алу керек? ◎ Тыныс алу мүшелерін қалай шынықтыру керек? ◎ Салауатты өмір сүрудің маңызы қандай? 		
«Түсіну» Оқулықпен жұмыс	<p>Оқулықтағы тақырыпты іштерінен оқу Топпен жұмыс Сұрақтарға жауап беру.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тыныс алу деген не? 2. Тыныс алу мүшелеріне не жатады? 3. Өкпе туралы айтыңыз. 4. Адам қалай тыныс алады? 5. Тыныс алу ережелері туралы айтыңыз. 	<p>Оқулықтағы тапсырманы гуілдеп оқиды, түсінбегендерін сұрайды.</p> <p>Әр топ жауабын айтады жауаптар бірден бағаланады. Бірін- бірі бағалау. 3 шапалақ-«өте жақсы» 2 шапалақ- «жақсы» 1 шапалақ «қанағаттанарлық»</p>	7
Сергіту сәті		Оқушылар «Қара жорға» биіне билейді	2

«Қолдану»	<p>Тыныс алу жылдамдығының артқанына назар аударады.</p> <p>Дәптермен жұмыс</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тыныс алу мүшелерінің аттарын жазу. 2. Түсіп қалған сөздерді орнына қою. 3. Жұптық жұмыс <p>Жеке жұмыс парақтарын толтыру</p>	<p>Дене қимылынан кейін тыныс алу жиілігі артады</p> <p>Әрқайсысы демалғанда және дем шығарғанда кеудесінің қанша смекенін өлшейді.</p>	5
Талдау	<p>Шарды алыңыздар, бірінші ауа жіберіңіздер, сосын ауаны тартыңыздар. Не байқадыңыздар? Кім қалай тыныс алады ? слайд</p> <p>Жаңа туған бала минутына 60 рет, 5 жастағы бала – 25-26 рет, 10-17 жастағылар – 16-20 рет, үлкен адамдар – 16 рет тыныс алады. Ал жануарлар ше?</p>	<p>Ауаны шығарғанда шарға ауа толады, тартқанда ауа азаяды</p> <p>Піл өкпесімен, балық желбезегімен, жылан терісімен тыныс алады.</p>	
Жинақтау	<p>Топтарға тапсырма:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тыныс алу мүшелері арқылы ауада қандай аурулар таралады? Болдырмау жолдары қандай? 2. Сендердің парталарыңда кластер жатыр, соны толтырыңдар 3. Адамдар бөлме өсімдіктерін не үшін өсіреді? 4. Әр сабақтан кейін терезені неліктен ашамыз.? 	<p>Топтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1-топ Тыныс алу жолдары аурулары, одан сақтану жолдары туралы айтады 2 топ Тыныс алу мүшелеріін кластерге жазады. 3. Бөлме өсімдіктерін өсірудің маңызын айтады. 4. Әр сабақтан кейінгі сынып бөлмесін желдетудің пайдасын түсіндіреді. 	3

Бағалау	Кесте толтыру. Білемін Білгім келеді Білдім	Балалар бірін-бірі,өзін-өзі , басқа топтарды бағалау жүргізеді	3
Үйге тапсырма	24-27 бет оқу, мазмұнын айту. Тыныс алу гигиенасы туралы жазу.	Тақырыпты оқу, тыныс алу гигиенасы туралы жазу.	1